

Мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалау әдістемесін бекіту туралы

Респубикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2020 жылғы 26 ақпандығы № 1-НҚ және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 26 ақпандығы № 201 бірлескен нормативтік қаулысы мен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 27 ақпанда № 20072 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығымен бекітілген Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесінің 27-тармағына сәйкес Респубикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті (бұдан әрі – Есеп комитеті) ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі БҮЙҮРАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған Мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалау әдістемесі бекітілсін.

2. Есеп комитетінің Заң бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен нормативтік қаулының және бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен нормативтік қаулының және бұйрықтың Есеп комитетінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен нормативтік қаулының және бұйрықтың орындалуын бақылау Есеп комитетінің аппарат басшысына және жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен нормативтік қаулы және бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Респубикалық бюджеттің атқарылуын бақылау
жөніндегі есеп комитетінің Төраимы

Н. Годунова

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары -
Қазақстан Республикасы Қаржы министрі

А. Смаилов

Респубикалық бюджеттің
атқарылуын бақылау
жөніндегі есеп комитетінің
2020 жылғы 26 ақпандығы

№ 1-НҚ нормативтік
қаулысымен /
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары –
Қаржы министрінің
2020 жылғы 26 ақпандығы
№ 201 бұйрығымен
бірлесіп бекітілген

Мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалау әдістемесі

Ескерту. Әдістеме жаңа редакцияда – ҚР Жоғары аудиторлық палатасының 11.04.2023 № 11-НҚ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 11.04.2023 № 367 бірлескен нормативтік қаулысы мен бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығымен бекітілген Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесін (бұдан әрі – Бағалау жүйесі) іске асыру мақсатында әзірленді.

2. Осы Әдістемеде мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) бюджеттік бағдарламаның орындалу тиімділігі – қойылған мақсаттарға неғұрлым аз шығынмен қол жеткізу, шығындары бар нәтижелерді салыстыру (арақатынасы) арқылы анықталады;

2) индикатордың артығымен орындалуы – индикатордың іс жүзіндегі мәнінің жоспарлы мәннен 25%-ға және одан астам артық орындалуы;

3) индикатордың жоспарлы мәндерін түзету – мемлекеттік органның даму жоспарының нысаналы индикаторларының жоспарлы мәндерін төмендету;

4) қаржы шығыстарымен өзара байланысты нысаналы индикаторлар – бұл жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік бағдарламаларымен өзара байланысты және/немесе жергілікті атқарушы органдардың қызметіне тәуелді нысаналы индикаторлар;

5) макроиндикаторлар – бұл өңірде саланы/аяны дамытудың кешенді сипаттамасын көрсететін және бюджеттік бағдарламалармен/кіші бағдарламалармен өзара байланысты талап етпейтін нысаналы индикаторлар;

6) нысаналы индикатордың іс жүзіндегі орындалу серпіні – мемлекеттік органның қызметіне байланысты емес факторларға негізделген іс-шаралар мен міндеттемелерді орындау жағдайларын қоспағанда, өткен кезеңнің фактісімен салыстырғанда

мемлекеттік органның даму жоспарының нысаналы индикаторларының іс жүзінде орындалуының нашарламауы;

7) түпкілікті нәтиже – мемлекеттік орган қызметінің тікелей нәтижелерге қол жеткізуіне негізделген мемлекеттік органның даму жоспарының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының және (немесе) бюджеттік бағдарламаның мақсатына қол жеткізуді санмен өлшейтін бюджеттік бағдарламаның көрсеткіші;

8) тікелей нәтиже – қол жеткізілуі мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыратын немесе мемлекеттік қызметтер көрсететін ұйымдардың қызметіне толық байланысты болатын, көзделген бюджет қаражаты шегінде атқарылатын осы функциялар, өкілеттіктер және көрсетілетін қызметтер көлемінің сандық сипаттамасы.

3. Әдістеме мемлекеттік органдардың жетекшілік ететін саланы/аяны/өнірді дамыту, сондай-ақ бюджет қаражатын пайдалану бойынша қабылдайтын шаралардың тиімділігін айқындауға арналған.

4. Мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Бағалау жүйесінің 11-тармағына сәйкес бекітетін Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігіне операциялық бағалау жүргізу кестесіне (бұдан әрі – Бағалау кестесі) сәйкес жүзеге асырылады.

5. Мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалауды мынадай мемлекеттік органдар (бұдан әрі – бағалауға уәкілдеп мемлекеттік органдар):

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі – бюджетті атқару жөніндегі уәкілдепті орган) – бюджеттік бағдарламалардың орындалу тиімділігін және олардың мемлекеттік органдардың даму жоспарының мақсаттарымен өзара байланысын, жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік бағдарламалардың көрсеткіштеріне қол жеткізуі бойынша тиімділігін бағалауды, жергілікті атқарушы органдардың бюджеттеудің жаңа практикаларын (халық қатысатын бюджет) пайдалануын бағалауды, сондай-ақ орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік бағдарламаларды іске асыру бойынша есептік деректерін қайта тексеруді;

Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (бұдан әрі – Жоғары аудиторлық палата) – мемлекеттік органдардың даму жоспарларының және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларының мақсаттарына қол жеткізуі бойынша мемлекеттік органдардың тиімділігін бағалауды жүзеге асырады.

Жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік бағдарламалар көрсеткіштеріне қол жеткізуі бойынша тиімділігіне, бюджеттеудің жаңа практикаларының (халық қатысатын бюджет) пайдаланылуына бағалау жүргізу, орталық мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларды іске асыру бойынша есептік деректерін қайта тексеру үшін бюджетті атқару жөніндегі уәкілдепті органда Жыл сайынғы бағалау

жөніндегі комиссияның кіші тобы болып табылатын жұмыс тобы (бұдан әрі – Бюджетті атқару жөніндегі жұмыс тобы) құрылады. Бюджетті атқару жөніндегі жұмыс тобының құрамы бюджетті атқару жөніндегі уәкілдік органның бүйрекшімен немесе бюджетті атқару жөніндегі уәкілдік орган ведомствоның бүйрекшімен бекітіледі.

2-тарау. Мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалауға арналған ақпарат көздері

6. Бағаланатын мемлекеттік органдар жыл сайын Бағалау кестесінде белгіленген мерзімдерде есепті (кунтізбелік) жылдың қорытындысы бойынша есептік ақпаратты электрондық жеткізгіштерде бағалауға уәкілдік мемлекеттік органдарға:

1) Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мақсаттардың, нысаналы индикаторлардың орталық мемлекеттік органның бюджеттік бағдарламаларымен өзара байланысы туралы ақпаратты;

2) Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағаланатын бюджеттік даму бағдарламаларының (жергілікті атқарушы органдар) тікелей нәтижелеріне қол жеткізу туралы ақпаратты;

3) түсіндірме жазбаны (жергілікті атқарушы органдар) ұсынады.

Жергілікті атқарушы органдардың бағаланатын бюджеттік даму бағдарламаларының тікелей нәтижелеріне қол жеткізуі туралы түсіндірме жазбада бағалау өлшемшарттары бөлінісінде ақпарат көрсетіледі.

Мемлекеттік органдар бағалайтын мемлекеттік органдардың даму жоспарының және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының нысаналы индикаторларын нақты орындау көрсеткіштері үтірден кейін екі белгіге дейін математикалық дөңгелектеуді ескере отырып қалыптастырылады.

Бағаланатын мемлекеттік органдар бағалауға уәкілдік мемлекеттік органдарға өткен жылғы операциялық бағалау қорытындылары бойынша берілген ұсынымдарды іске асыру жөніндегі ақпаратты ұсынады.

7. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары Әдістемеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік аудит нәтижелері және мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының нұсқамаларын, қаулыларын орындау туралы ақпаратты бюджетті атқару жөніндегі уәкілдік органға ұсынады.

Мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалау ұсынылған есептік ақпарат, сондай-ақ Бағалау кестесіне сәйкес олардың ресми интернет-ресурстарында орналастырылған:

1) мемлекеттік органдардың даму жоспарлары;

2) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарлары;

3) мемлекеттік органдардың даму жоспарларын іске асыру туралы есептер;

- 4) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларын іске асыру туралы есептер;
- 5) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның бағаланатын орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың бюджетті атқаруы туралы статистикалық есебі;
- 6) статистикалық және ведомствоның деректер;
- 7) халықаралық рейтинглер;
- 8) басқа да дереккөздер (болған жағдайда) негізінде жүзеге асырылады.

3-тарау. Бағаланатын мемлекеттік органдардың есептік ақпаратында қамтылған деректердің қайта тексеру

8. Бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдар бағаланатын мемлекеттік органдардың есептік ақпаратындағы деректерді олардың анықтығы тұрғысынан қайта тексеру жүргізеді.

9. Деректердің анықтығын бағаланатын мемлекеттік органдар қамтамасыз етеді және статистикалық, ведомствоның деректермен, халықаралық бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерімен, сондай-ақ салалық орталық мемлекеттік органдардың есептік деректерімен расталады.

10. Бағалау жүйесінің 42-тармағына сәйкес бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдар бағаланатын мемлекеттік органдардың есептік ақпаратында қамтылған деректердің қайта тексеруді (бұдан әрі – қайта тексеру) жүзеге асырады. Бұл ретте қайта тексеруге жататын бағаланатын мемлекеттік органдардың есептік ақпараты Бағалау жүйесінің 43-тармағына сәйкес айқындалады.

11. Қайта тексеру мемлекеттік органдардың даму жоспарларын/облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларын және бюджеттік бағдарламаларды іске асыру бойынша ұсынылған ақпараттың дұрыстығын анықтау тұрғысынан жүргізіледі.

12. Қайта тексеру рәсімі растайтын құжаттарды (ведомствоның есептер, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер актілері, хаттамалар, хаттар) жинау және талдаудан, сондай-ақ бағаланатын мемлекеттік органдарға барудан тұрады. Есептік ақпараттағы деректердің қайта тексерудің қорытындысы бойынша Әдістемеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Салыстырып тексеру актісі (бұдан әрі – Салыстырып тексеру актісі) жасалады.

13. Қайта тексеру шенберінде бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдар құпиялышы белгісі, сондай-ақ "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар құжаттарды қоспағанда, растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін алады.

Егер нысаналы индикаторды есептеу кезінде бірнеше жыл ішіндегі жинақтаушы деректер қолданылса, онда есептік ақпараты қайта тексеруге жататын органдар жинақтаушы есептеулердің анықтығын растайтын бірнеше жыл ішіндегі ақпаратты береді.

Есептік ақпараты қайта тексеруге жататын мемлекеттік органдар растайтын құжаттарды осы рәсімді жүргізу кезеңінде ғана ұсынады. Сондай-ақ орталық мемлекеттік органдар үшін растайтын құжаттар (атап айтқанда ресми хаттар, сұрау салулар және тағы басқа) есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанына дейінгі күнмен, жергілікті атқарушы органдар үшін – есепті жылдан кейінгі жылдың 1 наурызына дейінгі күнмен ұсынылады.

14. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган орталық мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларының нәтижелеріне қол жеткізу көрсеткіштерін қайта тексеру нәтижелері бойынша Салыстырып тексеру актісін Жоғары аудиторлық палатаға жыл сайын 10 сәуірге дейінгі мерзімде ұсынады.

4-тaraу. Есептік ақпараттың уақтылылығын, толықтығын және анықтығын анықтау рәсімі

15. Бағаланатын мемлекеттік орган Бағалау кестесіне сәйкес толық және анық есептік ақпаратты уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

16. Бағаланатын мемлекеттік орган бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдарға есептік ақпаратты уақтылы, анық ұсынбаған жағдайда бағаланатын мемлекеттік органның аталған блок бойынша қорытынды бағасынан айыппұл балдары шегеріледі.

17. Бағалау кестесінде көзделген мерзімнен кеш ұсынылған/орналастырылған есептік ақпарат уақтылы ұсынылмаған болып танылады.

Бағаланатын мемлекеттік орган есептік ақпаратты уақтылы ұсынбағаны/орналастырмағаны үшін 1,5 айыппұл балы шегеріледі.

18. "Бағаланатын мемлекеттік орган толық емес есептік ақпаратты ұсынғаны/орналастырғаны үшін 2 айыппұл балы шегеріледі.

Есептік ақпараттың құрылымына қойылатын белгіленген талаптарда көзделген элементтері (қосымшалар, бөлімдер, кестелер) жоқ есептік ақпарат толық емес болып танылады.

19. Қайта тексеру барысында шындыққа сәйкес келмейтін фактілер анықталған есептік ақпарат анық емес болып танылады.

Бағаланатын мемлекеттік орган анық емес есептік ақпаратты ұсынғаны/орналастырғаны үшін әрбір тіркелген факт үшін 0,2 айыппұл балы шегеріледі.

Мемлекеттік органның даму жоспарының немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізу бойынша анық емес ақпаратты ұсынғаны үшін 2,5-тен аспайтын балл және бюджеттік бағдарламалардың көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша 2,5-тен аспайтын балл шегеріледі.

Бағаланатын мемлекеттік орган өткен есепті жылдың Салыстырып тексеру актісін ескере отырып, анық емес есептік ақпаратты қайта ұсынғаны/орналастырғаны үшін әрбір тіркелген факт үшін 0,5 айыппұл балы шегеріледі.

Шегерілетін айыппұл балдарының жалпы сомасы 6,5 балдан аспайды.

Анық емес ақпаратты ұсыну фактілері деректерді қайта тексерудің қорытындысы бойынша Салыстырып тексеру актісінде тіркеледі.

20. Нысаналы индикатор бойынша есептеу әдістемесі болмаған жағдайда әрбір тіркелген факт үшін 0,5 айыппұл балы шегеріледі.

21. Егер бюджеттік бағдарламалардың тікелей және түпкілікті нәтижелерінің көрсеткіштері бойынша нақты мәндердің жоспарлы мәндерден 5%-ға артығымен орындалуы белгіленген жағдайда, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға және (немесе) қаржы агенттіктерінің бюджеттік инвестициялық жобаларды немесе мемлекеттік инвестиациялық саясатты іске асыруы үшін бюджеттік кредиттер беруге бағытталған бюджеттік бағдарламаларды қоспағанда, жоспарлы мәндердің артығымен орындалуының әрбір тіркелген фактісі үшін 0,2 айыппұл балы шегеріледі.

22. Шегерімдер туралы ақпарат Қорытындыда орталық мемлекеттік органның/жергілікті атқарушы органның "Балдарын шегеру" деген бөлімде көрсетіледі.

5-тарау. Орталық мемлекеттік органдарды мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалау

23. Мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалау мемлекеттік органның даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізу деңгейін және бюджеттік бағдарламаларды орындаудың тиімділігін айқындау арқылы жүзеге асырылады.

24. Орталық мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін операциялық бағалау мынадай өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылады:

1) даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізу;

2) даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізуде бюджеттік бағдарламаларды орындаудың тиімділігі;

3) даму жоспары мақсатының бюджеттік бағдарламалармен өзара байланысы.

25. Орталық мемлекеттік органның мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалау нәтижелері туралы қорытынды осы Әдістемеге 5-қосымشاға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

1-параграф. "Ai" Даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізу" өлшемшарты бойынша бағалау

26. Мемлекеттік органдардың даму жоспарларының мақсаттарына қол жеткізуі бойынша бағалауды Жоғары аудиторлық палата жүзеге асырады.

Тиімділікті бағалау мемлекеттік органның даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізу деңгейін айқындау арқылы жүзеге асырылады.

27. "Ai" "Даму жоспарының мақсатына қол жеткізу" өлшемшарты бойынша бағалау мына формула бойынша есептеледі:

$$A_i = \frac{1}{m} \sum_{j=1}^m h_j,$$

мұнда:

h_j – мемлекеттік органның даму жоспарының тиісті мақсатына қол жеткізу үшін көзделген әрбір нысаналы индикаторға қол жеткізу коэффициенті;

m – мемлекеттік органның даму жоспарының тиісті мақсатына қол жеткізу үшін көзделген нысаналы индикаторлардың саны.

Егер нысаналы индикатор серпінің сипаты оң болса, нысаналы индикаторға қол жеткізу коэффициенті іс жүзінде орындалғаның жоспарлы мәнге арақатынасына тең болады:

$h_j = \text{факт}/\text{жоспар}.$

Егер нысаналы индикатор серпінің сипаты теріс болса, нысаналы индикаторға қол жеткізу коэффициенті:

$h_j = 2 - \text{факт}/\text{жоспарға тең болады}.$

Серпінің теріс сипатындағы көрсеткіштің нақты мәні жоспарлы мәннен 2 есе немесе одан да көп болғанда, онда осы нысаналы индикаторға қол жеткізу коэффициенті 0-ге теңестіріледі.

Бұл ретте:

егер $h_j \geq 1$, онда $h_j = 1$,

егер $h_j < 1$, онда $h_j = \text{фактінің жоспарлы мәнге арақатынасы}/\text{жоспарланған мәннің нақты орындалғанға арақатынасы};$

егер $h_j < 0$, онда $h_j = 0$.

Есепті кезеңде жоспарлы мәні жоқ нысаналы индикатор мемлекеттік органның даму жоспарының мақсатына қол жеткізу коэффициентін есептеуге алынбайды.

Мемлекеттік органның қызметіне тәуелді емес факторларға байланысты (Үкіметтің тапсырмалары, төтенше жағдайлардың салдарлары) іс-шаралар мен міндеттемелердің орындалмау жағдайларын қоспағанда, тиісті қаржы жылына арналған нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштерінің жоспарлы мәндерін төмендетуге жол берілмейді.

Нысаналы индикатордың өлшем бірлігі уақыт болғанда (сағат: минут), онда индикаторға қол жеткізуді есептеу кезінде өлшем бірлігінің бірыңғай форматы (сағаттар немесе минуттар) есепке алынады.

12 айдың деректерін ұсыну мүмкін болмаған кезде, нысаналы индикатор мемлекеттік органның даму жоспарының мақсатына қол жеткізу коэффициентін есептеуге алынбайды.

Жоспарлы және нақты мәні 0-ге (оң серпін кезінде) тең нысаналы индикатор есептеуге алынбайды.

Мемлекеттік органның даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізу коэффициентін есептеу кезінде индикаторды артығымен орындау фактілерінің, индикатордың жоспарлы мәндерін азаю жағына қарай түзетулердің болуы, өткен жылғы фактісімен салыстырғанда фактінің оң серпінің болмауы ескеріледі.

Аталған фактілер болған жағдайда h_j нысаналы индикаторына қол жеткізу нәтижесі 0,9 коэффициентіне көбейтіледі (мемлекеттік органның қызметіне тәуелді емес факторларға байланысты (Үкіметтің тапсырмалары, төтенше жағдайлардың салдарлары) индикатордың жоспарлы мәндерінің азаю және/немесе оларға қолжеткізбеу (іс-шаралар мен міндеттемелердің орындалмау) жағына қарай түзетулер жағдайларын қоспағанда).

Артығымен орындау фактісі 100%-дан асқанда, h_j нысаналы индикаторына қол жеткізу нәтижесі 0,8 коэффициентіне көбейтіледі.

Бағалау кезінде "Құпия" деген белгісі бар мақсаттар мен нысаналы индикаторлар ескерілмейді.

28. "Di" макроиндикаторларын бағалау мына формула бойынша есептеледі:

$$D_i = \frac{1}{f} \sum_{j=1}^f h_j$$

мұнда:

h_j – тиісті стратегиялық бағытқа қол жеткізу үшін көзделген әрбір макроиндикаторға қол жеткізу коэффициенті;

f – тиісті стратегиялық бағытқа қол жеткізу үшін көзделген макроиндикаторлар саны.

Егер макроиндикатор серпінің сипаты оң болса, макроиндикаторға қол жеткізу коэффициенті іс жүзінде орындалғанның жоспарлы мәнге арақатынасына тең болады:

$h_j = \text{факт}/\text{жоспар}$.

Егер макроиндикатор серпінің сипаты теріс болса, макроиндикаторға қол жеткізу коэффициенті:

$h_j = 2 - \text{факт}/\text{жоспарға тең болады}$.

Серпіннің теріс сипатындағы көрсеткіштің нақты мәні жоспарлы мәннен 2 есе немесе одан да көп асса, онда осы макроиндикаторға қол жеткізу коэффициенті 0-ге теңестіріледі.

Бұл ретте:

егер $h_j \geq 1$, онда $h_j = 1$,

егер $h_j < 1$, онда $h_j =$ фактінің жоспарлы мәнге арақатынасы/жоспарланған мәннің нақты орындалғанға арақатынасы;

егер $h_j < 0$, онда $h_j = 0$.

Есепті кезеңде жоспарлы мәні жоқ макроиндикатор стратегиялық бағытқа қол жеткізу коэффициенті есептеуге алынбайды.

Мемлекеттік органның қызметіне тәуелді емес факторларға байланысты (Үкіметтің тапсырмалары, төтенше жағдайлардың салдарлары) іс-шаралар мен міндеттемелердің орындалмау жағдайларын қоспағанда, тиісті қаржы жылына арналған макроиндикаторлардың жоспарлы мәндерін төмендетуге жол берілмейді.

Макроиндикатордың өлшем бірлігі уақыт болғанда (сағат: минут), онда қол жеткізуді есептеу кезінде өлшем бірлігінің бірыңғай форматы (сағаттар немесе минуттар) есепке алынады.

12 айдың деректерін ұсыну мүмкін болмаған кезде, макроиндикатор стратегиялық бағытқа қол жеткізу коэффициентін есептеуге алынбайды.

Жоспарлы және нақты мәні 0-ге тең (он серпін кезінде) макроиндикатор есептеуге алынбайды.

Бағалау кезінде "Құпия" деген белгісі бар макроиндикаторлар ескерілмейді.

2-параграф. "Ві" "Даму жоспарының мақсатына қол жеткізуде бюджеттік бағдарламаларды орындаудың тиімділігі" өлшемшарты бойынша бағалау

29. Бюджеттік бағдарламалардың көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша мемлекеттік органдардың тиімділігін бағалауды бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

"Ві" өлшемшарты бойынша стратегиялық мақсатқа қол жеткізу үшін көзделген бюджеттік бағдарламалардың белгіленген нәтижелерін іске асырудың тиімділігі бағаланады.

Есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейінгі мақсаттарға қол жеткізуде бюджеттік бағдарламалардың орындалу тиімділігінің коэффициентін бағалау үшін есепті кезеңде бағаланатын орталық мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларына талдау жүргізіледі. Мақсаттарға қол жеткізу үшін көзделген бюджеттік бағдарламалардың орындалу тиімділігін айқындау бойынша жұмыс есептері жүргізіледі (бюджеттік бағдарламаның тікелей және түпкілікті нәтижелерінің орташа мәндеріне қол жеткізу пайзызы тиісті қаржы жылына бөлінген қаражаттың нақты игерілу пайзына бөлінеді және 100-ге көбейтіледі).

30. Ві "Даму жоспарының мақсатына қол жеткізуде бюджеттік бағдарламаларды орындаудың тиімділігі" өлшемшартын есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$B_i = \frac{1}{t} \sum_{z=1}^t r_z,$$

мұнда:

r_z – мақсатқа қол жеткізудегі әрбір бюджеттік бағдарламаның орындалу тиімділігінің коэффициенті;

t – мақсатқа қол жеткізудегі бюджеттік бағдарламалардың саны.

Мақсатқа қол жеткізудегі әрбір бюджеттік бағдарламаның орындалу тиімділігінің коэффициенті (r_z) бюджеттік бағдарламаның бюджет қаражатын игеру коэффициентіне тікелей және түпкілікті нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу коэффициенттерінің орташа арифметикалық мәнін бөлу жолымен есептеледі.

Тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу көрсеткіштері асыра орындалған жағдайда, 100%-дан аспайтын мән көрсеткіші бойынша есепке алынады.

Қаражаттың игерілуі 90% және одан аз, ал нәтижелерге қол жеткізу жоғары болған бюджеттік бағдарламалар бойынша орындалу тиімділігінің коэффициенті 0,9-ды құрайтын болады.

Мысалы, бағдарлама бойынша қаражат 84,5%-ға игеріліп, ал нәтижелерге 100% қол жеткізілсе, бюджеттік бағдарламаның орындалу тиімділігінің коэффициенті 1,2 (100/84,5) құрайды.

Басқа мысал: қаражат 63%-ға игеріліп, нәтижелерге 75% қол жеткізілсе, бюджеттік бағдарламаның орындалу тиімділігінің коэффициенті 1,2 (75/63) құрайды.

Мұндай жағдайларда осындай бағдарламаларға орындаудың 0,9 тиімділік коэффициенті қолданылады.

Мемлекеттік органның даму жоспарының мақсаттарына және/немесе нысаналы индикаторларына қол жеткізуге қатысатын барлық бюджеттік бағдарламалар (субвенцияларды қоспағанда) бағалануы тиіс.

Трансфертер мен бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бойынша трансфертердің жіберетін және бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды бөлетін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің түпкілікті нәтижелер көрсеткіштері бағаланады.

Бөлінетін бюджеттік бағдарламалар есебінен қаражат алатын бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің тікелей нәтижелер көрсеткіштері бағаланады.

3-параграф. "Сі" "Даму жоспары мақсатының бюджеттік бағдарламалармен өзара байланысы" өлшемшарты бойынша бағалау

31. Даму жоспары мақсатының бюджеттік бағдарламалар көрсеткіштерімен өзара байланысын бағалауды бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

"Сі" өлшемшарты бойынша даму жоспары мақсатының іске асырылатын бюджеттік бағдарламалардың көрсеткіштерімен өзара байланыс дәрежесі бағаланады.

32. Даму жоспары мақсатының бюджеттік бағдарламалармен өзара байланыс коэффициенті әрбір бюджеттік бағдарламаны өзара байланыс пен сәйкестікке талдау кезінде сараптама жолмен анықталады.

Мысалы, егер бюджеттік бағдарлама бойынша 10 көрсеткіштің 2-үі мақсаттарға және/немесе нысаналы индикаторларға қол жеткізуді сипаттамаса, онда өзара байланыс коэффициентін 8/10 қатынасымен есептеу қажет. Бұл жағдайда өзара байланыс коэффициенті 0,8-ге тең болады.

Әр мақсаттың өзара байланыс коэффициенті оған қол жеткізуге қатысатын барлық бюджеттік бағдарламалардың өзара байланысының орташа арифметикалық мәнімен есептеледі.

$$C_i = \frac{1}{t} \sum_{r=1}^t C_r,$$

мұнда:

C_i – даму жоспары мақсатының бюджеттік бағдарламалармен өзара байланыс коэффициенті;

C_r – мақсатқа қол жеткізудегі бюджеттік бағдарламаның өзара байланыс коэффициенті;

t – мақсатқа қол жеткізудегі бюджеттік бағдарламалардың саны.

4-параграф. Даму жоспарының мақсатына қол жеткізудің және орталық мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларының орындалу тиімділігінің қорытынды есептемесі

33. Даму жоспарының мақсатына қол жеткізуді және мақсатқа қол жеткізудегі бюджеттік бағдарламалар көрсеткіштерін есептеу формуласы:

$$R_i = (A_i + B_i)/2 \times C_i ,$$

мұнда:

A_i – даму жоспарының мақсатына қол жеткізу коэффициенті;

B_i – даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізудегі бюджеттік бағдарламалардың орындалу тиімділігінің коэффициенті;

C_i – даму жоспары мақсатының бюджеттік бағдарламалармен өзара байланыс коэффициенті.

Даму жоспарының мақсатына қол жеткізуді және бюджеттік бағдарламалардың орындалу тиімділігін қорытынды есептеу кезінде әрбір нысаналы индикатор бойынша коэффициент есептеледі.

34. Орталық мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларының мақсаттарына және көрсеткіштеріне қол жеткізуінің тиімділігін бағалау коэффициенті үтірден кейінгі екі белгіге дейін математикалық дөңгелектеу ескеріле отырып қалыптастырылады.

5-параграф. Орталық мемлекеттік органдарды "Мақсатқа қол жеткізу" бойынша жалпы бағалау

35. Орталық мемлекеттік органдардың "Мақсатқа қол жеткізу" бойынша тиімділігін жалпы бағалау мына формула бойынша анықталады:

$$R_{ЦГО} = \left[\left(\frac{R_{i1} + R_{i2} + R_{in} + D_{i1} + D_{i2} + D_{in}}{n + n_1} \right) * 100 \right] - W,$$

мұнда:

ROMO – орталық мемлекеттік органның бюджеттік бағдарламаларының мақсаттары мен көрсеткіштеріне қол жеткізуінің тиімділігін қорытынды бағалау;

R_i – даму жоспарының мақсатына және мақсатқа қол жеткізудегі бюджеттік бағдарламалардың көрсеткіштеріне қол жеткізу коэффициенті;

D_i – даму жоспарының макроиндикаторларына қол жеткізу коэффициенті;

n – даму жоспары мақсаттарының саны;

n_1 – макроиндикаторлар көзделген даму жоспарының стратегиялық бағыттарының саны;

W – айыппұл балдары.

36. Орталық мемлекеттік органдарды мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалаудың қорытынды балы үтірден кейінгі екі белгіге дейін математикалық дөңгелектеу ескеріле отырып қалыптастырылады.

37. Алынған бағалау нәтижесіне сәйкес мемлекеттік органның мақсаттарға қол жеткізу бойынша қызметінің тиімділік дәрежесі анықталады.

Мемлекеттік орган тиімділігінің жоғары дәрежесі 90-нан 100 балға дейінгі бағалау көрсеткішіне, орташа дәреже – 70-тен 89,99 балға дейінгі көрсеткішке, төмен дәреже – 50-ден 69,99 балға дейінгі көрсеткішке сәйкес келеді. Бағалау нәтижелері бойынша 50 балдан аз алған мемлекеттік органның қызметі тиімсіз болып танылады.

6-тарау. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің стратегиялық жоспарының, Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің даму жоспарларының мақсаттарына қол жеткізуін операциялық бағалау

38. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚРҰБ) қызметінің тиімділігін операциялық бағалау стратегиялық жоспардың мақсаттарына қол жеткізу өлшемшарты бойынша, Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің (бұдан әрі – ҚРБҚДА) және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (бұдан әрі – ҚРҚНРДА) даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізу өлшемшарты бойынша жүзеге асырылады.

39. ҚРҰБ стратегиялық жоспарының мақсаттарына қол жеткізуді бағалау мынадай формула бойынша есептеледі:

$$R_{\text{KRUB}} = (A_i * 100) - W,$$

мұнда:

A_i – стратегиялық жоспардың мақсатына қол жеткізу коэффициенті;

W – айыппұл балдары.

40. ҚРБҚДА және ҚРҚНРДА даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізуді бағалау мынадай формула бойынша есептеледі:

$$R_{\text{KRBKDA}}, R_{\text{KRKNRDA}} = (A_i * 100) - W,$$

мұнда:

A_i – даму жоспарының мақсатына қол жеткізу коэффициенті;

W – айыппұл балдары.

7-тaraу. Мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін операциялық бағалау

41. Операциялық бағалау облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізу деңгейін және бюджеттік бағдарламалардың көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша тиімділікті анықтау арқылы жүзеге асырылады.

42. Жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін операциялық бағалау мынадай өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылады:

1) облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларының мақсаттарына қол жеткізу;

2) бағаланатын кезенде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының даму бағдарламаларын тексерудің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шенберінде бұзушылықтардың болмауы;

3) бюджеттік даму бағдарламаларының тікелей нәтижелеріне қол жеткізу;

4) бюджеттік даму бағдарламасын орындаудың тиімділігі;

5) бюджеттеудің жаңа практикаларын (халық қатысатын бюджет) пайдалану.

"Облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізу" өлшемшарты бойынша жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалауды Жоғары аудиторлық палата жүзеге асырады.

"Бағаланатын кезеңде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының даму бағдарламаларын тексерудің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шенберінде бұзушылықтардың болмауы", "Бюджеттік даму бағдарламасының тікелей нәтижелеріне қол жеткізу", "Бюджеттеудің жаңа практикаларын (халық қатысатын бюджет) пайдалану" және "Бюджеттік даму бағдарламасын орындаудың тиімділігі" өлшемшарттары бойынша тиімділікті бағалауды бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган "Бағаланатын кезеңде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының даму бағдарламаларын тексерудің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шенберінде бұзушылықтардың болмауы", "Бюджеттік даму бағдарламасының тікелей нәтижелеріне қол жеткізу", "Бюджеттік даму бағдарламасын орындаудың тиімділігі" және "Бюджеттеудің жаңа практикаларын (халық қатысатын бюджет) пайдалану" өлшемшарттары бойынша қорытындыны қалыптастырады және Бағалау кестесінде белгіленген мерзімде Жоғары аудиторлық палатаға жібереді.

43. Жергілікті атқарушы органдардың мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалау нәтижелері туралы қорытындылар Әдістемеге 6-қосымшага сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

44. Алынған бағалау нәтижесіне сәйкес бағаланатын мемлекеттік орган қызметінің тиімділік дәрежесі анықталады.

Бағаланатын мемлекеттік орган қызметі тиімділігінің жоғары дәрежесі 90-нан 100 балға дейінгі бағалау көрсеткішіне, орташа дәреже – 70-тен 89,99 балға дейінгі көрсеткішке, төмен дәреже – 50-ден 69,99 балға дейінгі көрсеткішке сәйкес келеді. Бағалау нәтижелері бойынша 50-ден аз балл алған бағаланатын мемлекеттік органдарының қызметі тиімсіз болып танылады.

1-параграф. "D" "Облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізу" өлшемшартты бойынша бағалау

45. "Облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізу" өлшемшартын есептеу макроиндикаторлар және қаржылық шығыстармен өзара байланысты нысаналы индикаторлар негізінде мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$D = \frac{1}{m} \sum_{j=1}^m h_j \times 100,$$

мұнда:

D – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізу коэффициенті;

h_j – тиісті мақсатқа қол жеткізу үшін көзделген әрбір нысаналы индикаторға қол жеткізу коэффициенті;

m – нысаналы индикаторлардың жалпы саны.

Бұл ретте:

егер $h_j \geq 1$, онда $h_j = 1$,

егер $h_j < 1$, онда $h_j =$ фактінің жоспарлы мәнге арақатынасы;

егер $h_j < 0$, онда $h_j = 0$.

"Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізу" өлшемшарты бойынша бағалау Әдістемеге 9-қосымшада көрсетілген макроиндикаторлар және қаржылық шығыстармен өзара байланысты нысаналы индикаторлар негізінде жүзеге асырылады.

Егер нысаналы индикатор серпінің сипаты оң болса, нысаналы индикаторға қол жеткізу коэффициенті іс жүзінде орындалғаның жоспарлы мәнге арақатынасына тең болады:

$h_j = \text{факт}/\text{жоспар}.$

Егер нысаналы индикатор серпінің сипаты теріс болса, нысаналы индикаторға қол жеткізу коэффициенті:

$h_j = 2 - \text{факт}/\text{жоспарға}$ тең болады;

Серпіннің теріс сипатындағы көрсеткіштің нақты мәні жоспарлы мәннен 2 есе немесе одан да көп болғанда, онда осы нысаналы индикаторға қол жеткізу коэффициенті 0-ге теңестіріледі.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізу коэффициентін есептеу кезінде индикаторды артығымен орындау фактілерінің болуы ескеріледі.

Көрсетілген факт болған кезде h_j нысаналы индикаторына қол жеткізу нәтижесі 0,9 коэффициентіне көбейтіледі. Артығымен орындау фактісі 100%-дан асқанда, h_j нысаналы индикаторына қол жеткізу нәтижесі 0,8 коэффициентіне көбейтіледі.

Көрсеткіштердің артығымен орындалуы қаржылық шығыстармен өзара байланысты нысаналы индикаторлар бойынша ғана ескеріледі.

46. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізу коэффициентін есептеу кезінде:

есепті кезеңде жоспарлы мәні жоқ нысаналы индикатор мақсатқа қол жеткізу коэффициентін есептеуге алынбайды;

12 (он екі) айдың деректерін ұсыну мүмкін болмаған жағдайда, нысаналы индикатор облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсатына қол жеткізу коэффициентін есептеуге алынбайды;

жоспарлы және нақты мәні 0-ге (оң серпін кезінде) тең нысаналы индикатор есептеуге алынбайды.

2-параграф. "L" "Бағаланатын кезеңде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының даму бағдарламаларын тексерудің қорытындысы бойынша бюджет және өзге заңнама бұзушылықтарының болмауы" өлшемшарты бойынша бағалау

47. "Бағаланатын кезеңде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының даму бағдарламаларын тексерудің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шенберінде бұзушылықтардың болмауы" өлшемшарты бойынша бағалау жүргізу кезінде мыналар:

тексеріс жүргізілген мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының даму бағдарламаларын тексерудің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шенберінде бұзушылықтардың болмауы" өлшемшарты бойынша бағалау жүргізу кезінде мыналар:

аудитпен қамтылған мемлекеттік органдарының және оның ведомствоның бағынысты мекемелерінің бюджет қаражатының жалпы көлемі;

есепті кезеңде қолданыстағы заңнама шенберінде анықталған бұзушылықтар, соның ішінде:

қаржылық бұзушылықтар;

бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік заңнамасын бұзушылық;

камералдық бақылаумен анықталған бұзушылықтарды және конкурстарды үйымдастырушылар сот тәртібінде шағымданған бұзушылықтар сомаларын қоспағанда, мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың бұзушылықтары көрсетіледі.

Ішкі аудит қызметі жүргізген бюджеттік шығыстармен өзара байланыста облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларының мақсаттарына қол жеткізуді талдаудың болуы туралы ақпарат көрсетіледі.

48. Осы өлшемшарт бойынша балл Өдіstemеге 7-қосымшага сәйкес қойылады және бюджеттік даму бағдарламалары әкімшілерінің бөлінісінде орташа балл түрінде анықталады.

3-параграф. "Z" "Бюджеттік даму бағдарламасының тікелей нәтижелеріне қол жеткізу" өлшемшарты бойынша бағалау

49. "Бюджеттік даму бағдарламасының тікелей нәтижелеріне қол жеткізу" өлшемшарты бойынша балл "Бюджеттік даму бағдарламасының тікелей нәтижелеріне қол жеткізу" және "Бюджеттік бағдарламалар нәтижелілігі көрсеткіштерін жоспарлау сапасы" деген екі көрсеткіш бойынша айқындалады.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері орындалатын мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер мен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің аталған бюджеттік бағдарлама бойынша көзделген бюджет қаражаты шегіндегі көлемінің сандық сипаттамасын көрсететін көрсеткіштер болып табылады.

Бюджеттік даму бағдарламалары бойынша тікелей нәтиже көрсеткіштерінде бюджеттік инвестициялардың атаулары бойынша тізбесі көрсетіледі. Бұл ретте, ұзақ жалғасатын сипаттағы объектілер іске асырылған кезде ағымдағы қаржы жылында орындалатын жұмыстар мен қызметтердің көлемі көрсетіледі, ал олар аяқталған жағдайда, ағымдағы қаржылық жылы аяқталған инвестициялық жобалардың атаулары көрсетіледі. Орындалатын жұмыстардың және қызметтердің көлемі нақты мәнінде көрсетіледі.

Егер даму бағдарламалары бойынша ағымдағы шығыстар (кредиторлық берешекті өтеу, конкурстар өткізуге, активтерді, тауар-материалдық құндылықтарды сатып алуға, құқық белгілейтін және растайтын құжаттарды алуға арналған шығыстар, авансты төлеу) көзделсе, онда жоғарыда аталған ағымдағы іс-шаралар бағалау кезінде ескерілмейді және әрбір тіркелген факт үшін 0,2 айыппұл балын шегеру жүргізіледі.

Орындалған жұмыс көлемдерінің актілеріне келесі қаржы жылының қантарында қол қойылғанда, тікелей нәтижені қол жеткізілген ретінде ескеру қажет.

Бір бюджеттік бағдарлама бойынша тікелей нәтижеге қол жеткізу балы мынадай формула бойынша айқындалады:

$$Z = F/Q * 18$$

мұнда:

Z – бір бюджеттік бағдарлама бойынша тікелей нәтижеге қол жеткізу балы;

F – әрбір іс-шараның нақты қол жеткізілген көрсеткіштерінің саны;

Q – бюджеттік бағдарламалар көрсеткіштерінің жалпы саны;

18 – бюджеттік даму бағдарламасының тікелей нәтижелеріне қол жеткізудің ең жоғары балы.

Тікелей нәтижеге қол жеткізу өлшемшартты бойынша ең жоғары балл – 20, соның ішінде бюджеттік даму бағдарламаларының тікелей нәтижелеріне қол жеткізу – 18 балл ; бюджеттік бағдарламалардың көрсеткіштерін жоспарлау сапасын қамтамасыз ету – 2 балл.

Бұл ретте 80% және одан астам нәтижесі бар көрсеткіштерге нақты қол жеткізілді деп есептеледі.

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша әрбір бюджеттік бағдарлама бойынша балдарды қосу және алынған соманы бюджеттік бағдарламалардың жалпы санына бөлу жолымен барлық бюджеттік бағдарламалар бойынша тікелей нәтижелерге қол жеткізудің орташа балы айқындалады.

Жергілікті атқарушы орган бойынша жергілікті бюджеттік бағдарламалардың барлық әкімшісі бойынша бюджеттік даму бағдарламаларының тікелей нәтижелеріне қол жеткізу өлшемшарттары бойынша орташа бағалау айқындалады.

Осы өлшемшарттың көрсеткіштерін артығымен орындаған кезде көрсеткіш бойынша 100% мәні ескеріледі.

Жарғылық капиталдың ұлғаюын көздейтін бюджеттік бағдарламалар бойынша нәтижелерге қол жеткізуді бағалау іске асырылуы бағаланатын қаржы жылына көзделген қаржылық-экономикалық негіздемеде көрсетілген іс-шаралар бойынша жүзеге асырылады. Жалғасып жатқан жобалар кезінде (жылдар бойынша қаржы-экономикалық негіздемеде көрсетілген іс-шараларға сәйкес) жылдың қорытындысы бойынша нақты орындалған жұмыстарды ескеру қажет.

Бюджеттік бағдарламалар бойынша тікелей нәтижелер көрсеткіштері сандық сипаттамалардың орнына тікелей нәтижеге қол жеткізуді бағалауға мүмкіндік бермейтін іс-шараларды көздесе, онда осы бюджеттік бағдарлама сапасыз жоспарлаудың нәтижесі ретінде бағаланады.

Бюджеттік даму бағдарламаларын іске асыру шенберінде талдамалық ақпарат үшін жоспарланған объектілерді белгіленген мерзімде (жоспар және факт) тапсыру (енгізу) туралы деректер және есепті кезеңде пайдалануға берілмеген объектілер тізбесі пайдалануға берудің кешіктірілу себептері көрсетіле отырып ұсынылады.

"Бюджеттік бағдарламалар нәтижелілігінің көрсеткіштерін жоспарлау сапасы" көрсеткіші бойынша бағалау бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бекіткен бюджеттік бағдарламалар нәтижелілігінің көрсеткіштерін талдау арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органның барлық бюджеттік бағдарламаларында санмен өлшенетін және бағалауға жататын, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің мақсаттары мен міндеттеріне және мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкес келетін нәтижелілік көрсеткіштері болған кезде, оларға ең жоғары балл беріледі.

Бюджеттік бағдарламада тікелей және (немесе) түпкілікті нәтиже болмаған кезде, тікелей нәтижеге қол жеткізуді бағалауға мүмкіндік бермейтін сандық сипаттамалардың орнына іс-шаралар болған, тікелей нәтижелердің түпкілікті нәтижелермен қайталануы, бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерінің басқа бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерімен қайталануы, өлшенбейтін мәндер, жоспарлы мәндерді төмендеткен, сондай-ақ тікелей нәтижелер көрсеткіштерінің бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің мақсаттары мен міндеттеріне және мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкес келмеуі, сондай-ақ объектілерді салудың (реконструкциялау) нормативтік мерзімдері асып кеткен жағдайда оған 0 балл беріледі.

Одан әрі тиісті балл берілетін аталған көрсеткіш бойынша бағаланатын барлық бюджеттік бағдарламалар бойынша орташа балл айқындалады.

Бекітілген бюджеттік бағдарламалар және оларды іске асыру бойынша есептер, сондай-ақ есепті кезеңде тікелей көрсеткіштерге қол жеткізудің нақты мәнін растайтын құжаттар, соның ішінде орындалған жұмыстар актілері, объектілерді қабылдау актілері, жүккүжаттар, қабылдау-тапсыру актілері, жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлеу кезіндегі мемлекеттік сараптама қорытындылары ақпарат көздері болып табылады.

4-параграф. "G" "Бюджеттік даму бағдарламасын орындаудың тиімділігі" өлшемшартты бойынша бағалау

50. "Бюджеттік даму бағдарламасын орындаудың тиімділігі" өлшемшартты бойынша бағалау бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижесіне қол жеткізу пайзын тиісті қаржы жылына бөлінген қаражаттың нақты игерілу пайзына бөлу арқылы жүзеге асырылады.

51. Бюджеттік бағдарламаны орындаудың тиімділігі мынадай жолмен анықталады:
Б/б тиімд. = % ТН/% ҚИ * 20,

мұнда:

Б/б тиімд. – бюджеттік бағдарламаны орындау тиімділігі;

% ТН – тікелей нәтижеге қол жеткізу пайзы;

% ҚИ – бюджет қаражатын игеру пайзы;

20 – ең жоғары балл.

80%-дан кем нәтижелерге қол жеткізілген жағдайда, бюджеттік бағдарламаны орындаудың тиімділігі 0 балл деп есептеледі.

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша әрбір бюджеттік бағдарлама бойынша балдарды қосу және алынған соманы бюджеттік бағдарламалардың жалпы санына бөлу арқылы барлық бюджеттік бағдарламалар бойынша орташа тиімділік балы айқындалады.

Одан әрі жергілікті атқарушы орган бойынша бағалау барлық жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша бюджеттік даму бағдарламасының орындалу тиімділігі өлшемшартының орташа балы түрінде айқындалады.

5-параграф. "N" "Бюджеттеудің жаңа практикаларын (халық қатысатын бюджет) пайдалану" өлшемшартты бойынша бағалау

52. Осы өлшемшарт бойынша бюджеттік қатынастардың жаңа құралы ретінде азаматтардың, жұртшылықтың қатысуымен (халық қатысатын бюджет) өнір бюджетінің белгілі бір үлесінің жоспарлануы мен атқарылуы бағаланады. Өлшемшарт халықтың қоғамдық қаржыны басқаруға қатысуына, оның мемлекеттік шешімдерді қабылдаудың нақты процесіне қатысты болуына және осы шешімдерге ықпал ету мүмкіндігіне бағытталған (жергілікті маңызы бар жобаларды қалыптастыру, осы мақсаттарға көзделген бюджет қаражатының нысаналы және тиімді атқарылуын іске асыру және бақылау жолымен).

Азаматтардың қатысуымен және олардың ұсыныстары бойынша республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың және астананың аудандарында 07 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық" функционалдық тобы бойынша жоспарланатын бюджет шығыстарының жылдық көлемінің 5%-ынан бөлінгенде 1,2, 3%-дан – 1,1 бонустық түзету коэффициенті қолданылады.

6-параграф. Жергілікті атқарушы органдарды мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалаудың қорытынды балы

53. Жергілікті атқарушы органдарды операциялық бағалаудың қорытынды балы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$РЖАО = ((0,3*D+0,7*T)*0,5) + ((L + Z + (G * N)) - W,$$

мұнда:

РЖАО – жергілікті атқарушы органдарды мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалаудың қорытынды балы;

D – макроиндикаторларға қол жеткізу;

T – қаржы шығыстармен өзара байланысты нысаналы индикаторларға қол жеткізу;

L – бағаланатын кезеңде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының даму бағдарламаларын тексерудің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шенберінде бұзушылықтардың болмауы;

Z – бюджеттік даму бағдарламасының тікелей нәтижелеріне қол жеткізу;

G – бюджеттік даму бағдарламасын орындаудың тиімділігі;

N – бюджеттеудің жаңа практикаларын пайдалану (халық қатысатын бюджет);

W – айппұл балдары.

8-тaraу. Бағалау нәтижелеріне шағымдану ресімі

54. Қорытындыны алған күннен бастап бағаланатын мемлекеттік орган бағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда, 5 жұмыс күні ішінде бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдарға өзінің қарсылықтарын жібереді. Белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін бағаланатын мемлекеттік органдардың қарсылықтары қабылданбайды.

55. Бағалау нәтижелеріне шағымдану растайтын құжаттарды ұсынумен дәлелденеді және негізделеді. Раставтын құжаттары мен негіздемелері жоқ, сондай-ақ мемлекеттік жоспарлау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің және "Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарын, Елдің аумақтық даму жоспарын, тұжырымдамаларды, мемлекеттік органдардың даму жоспарларын, облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларын әзірлеу, мониторингтеу, іске асыру, бағалау және бақылау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 25 қазандагы № 93 бүйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24908 болып тіркелген) ережелеріне қайшы келетін қарсылықтар қаралмайды.

56. Егер бағаланатын мемлекеттік орган 5 жұмыс күні ішінде бағалау нәтижелеріне қарсылық білдірмеген жағдайда, қорытынды әдепкі қалпы бойынша "келісілген" болып есептеледі.

57. Бағалау жүйесінің 59-тармағына сәйкес шағымдану рәсімін жүргізу үшін бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдарда арнайы комиссия құрылады, оның құрамына қарсылықтарын білдірген мемлекеттік органдардың тиімділігін бағалауға қатысқан қызметкерлер енгізілмейді.

Арнайы комиссияның саны мен құрамын бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдар өз бетінше айқындайды, бірақ кемінде 5 адам болуы тиіс.

58. Бағаланатын мемлекеттік органдардан растайтын құжаттарымен бірге қарсылықтарды алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдар Әдістемеге 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін операциялық бағалау нәтижелері бойынша келіспеушіліктер кестесін (бұдан әрі – Келіспеушіліктер кестесі) қалыптастырады және арнайы комиссияның қарауына енгізеді.

59. Арнайы комиссия қарсылықтарды қарау және бағалау нәтижелерінің объективтілігін анықтау бойынша отырыстар өткізеді, оларға қарсылықтарын жіберген бағаланатын мемлекеттік органдардың өкілдері, мұдделі салалық орталық мемлекеттік органдардың өкілдері, сондай-ақ мемлекеттік органдарды бағалауға қатысқан қызметкерлер шақырылады.

60. Арнайы комиссия отырыстарының нәтижелері бойынша Келіспеушіліктер кестелері пысықталады, оларға арнайы комиссия төрағасы қол қояды және бағаланатын мемлекеттік органның назарына жеткізіледі.

Қарсылықтар қабылданған жағдайда бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган бюджеттік бағдарламалар көрсеткіштеріне қол жеткізу тиімділігін бағалау нәтижелері туралы түзетілген қорытындыны жергілікті атқарушы органдарға және Жоғары аудиторлық палатага жолдайды.

61. Бағаланатын мемлекеттік органдар келіспеген жағдайда Бағалау жүйесінің 62-тармағына сәйкес шағымдану рәсімінен кейін бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне шағымданады.

9-тарау. Қайта ұйымдастырылған және таратылған мемлекеттік органдарға бағалау жүргізу тәртібі

62. Мемлекеттік орган бағаланатын жылдың бірінші жартыжылдығында қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайда, аталған мемлекеттік органды бағалау осы Әдістемеге сәйкес құқықтық мирасқор-мемлекеттік органды бағалау шенберінде жүзеге асырылады.

63. Мемлекеттік орган бағаланатын жылдың екінші жартыжылдығында қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайда, оның қызметін бағалау жүзеге асырылмайды, ал аталған мемлекеттік органның қызметін талдау нәтижелері құқықтық мирасқор-мемлекеттік органға бағалаудың қорытындысы бойынша берілген ұсынымдар мен ұсыныстарды әзірлеу кезінде ескеріледі.

Мақсаттарға қол жеткізу блогы
бойынша операциялық бағалау
әдістемесіне
1-қосымша

Нысан

Мақсаттардың, нысаналы индикаторлардың орталық мемлекеттік органның бюджеттік бағдарламаларымен өзара байланысы туралы ақпарат

1. Мақсаттарға, нысаналы индикаторларға және бюджеттік бағдарламалар мен кіші бағдарламалардың көрсеткіштеріне қол жеткізу

1-стратегиялық бағыт

| | | | | | | | | | |
|--|--------------|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Түпкіл ікті нәтиже көрсет кіші | % | | | | | | x | x | x |
| 100 кіші бағдар ламасы | Мың тенге | x | x | x | x | x | x | | |
| Тікеле й нәтиже көрсет кіші | Бірлік | | | | x | x | x | | |
| Нысан алы индика тор | % | x | x | x | x | x | x | | |
| 102 кіші бағдар ламасы | Мың тенге | x | x | x | x | x | x | | |
| Тікеле й нәтиже көрсет кіші | Бірлік | | | | x | x | x | | |
| Тікеле й нәтиже көрсет кіші | Бірлік | | | | x | x | x | | |
| n-стратегиялық бағыт | | | | | | | | | |
| n-мақс ат | | | | | | | | | |
| ... | | | | | | | | | |

Ескертпе:

* бұл жолда мақсат бойынша жоспарлы және іс жүзіндегі мәндер толтырылады

** бұл жолда нысаналы индикатор бойынша жоспарлы және іс жүзіндегі мәндер толтырылады

"X" - толтыру қажет бағандарды білдіреді.

Мақсаттарға қол жеткізу блогы
бойынша операциялық бағалау
әдістемесіне
2-қосымша

Нысан

Бағаланатын бюджеттік бағдарламалардың тікелей нәтижелеріне қол жеткізу туралы
 ақпарат _____ (жергілікті
 атқарушы органның атауы) _____
 _____ (есепті кезең)

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің коды мен атауы: _____

Бюджеттік бағдарлама _____

Сипаты: _____

| Атауы | Өлшем бірліктері | Бюджеттік бағдарлама ның есепті қаржы жылында жоспарланға н көрсеткіштепи | Көрсеткішт ердің іс жүзінде орындалуы | Ауытку | Көрсеткішт ердің орындалу % (4-баған/3-баған * 100%) | Жобаның іске асырылу мерзімі | Бюджеттік бағдарлама нәтижелерін е қол жеткізбеу жән қаражатының орындалмау себептері/ нәтижеге қол жеткізуді растау (құжаттың нөмірі және күні, атауы) |
|--|------------------|---|---------------------------------------|--------|--|------------------------------|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| Тікелей нәтиже көрсеткіші, соның ішінде: | | | | | | | |
| бюджеттік инвестиациялық жобалар | | | | | | | |
| іс-шаралар бөлінісінде | | | | | | | |

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі _____

(қолы) (толық жазылуы)

Максаттарға қол жеткізу блогы

бойынша операциялық бағалау

әдістемесіне

3-қосымша

Нысан

ЖЫЛҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТТІҚ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУ
ОРГАНДАРЫНЫҢ НҰСҚАМАЛАРЫ МЕН ҚАУЛЫЛАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

| Реттік нөмірі | Бюджет тік бағдарламалар әкімшісінің атауы | Бюджет тік бағдарламаның атауы | Тексеру кезеңі | Мемлекеттік аудитпен соның ішінде камтылған қаржатек көлемі | багаланатын кезеңде анықталған бұзушылықтар көлемі | соның ішінде: | | | өтелген сомасы | қалпына келтірілген сомасы | |
|---------------|--|--------------------------------|----------------|---|--|---------------|--|---|----------------|----------------------------|----|
| | | | | | | Барлығы | Бухгалтерлік есеп және қаржылыштың атасынан бүзушылықтар | Мемлекеттік сатып алу туралы заңнама бүзушылықтарды | | | |
| | | | | | | 9 | 10 | 11 | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау
органдарының басшысы _____
(қолы) (толық жазылуы)

Максаттарға қол жеткізу блогы
бойынша операциялық бағалау
әдістемесіне
4-қосымша

Нысан

Есептік ақпараттағы деректердің қайта тексерудің қорытындысы бойынша салыстырып
тексеру актісі _____
(орталық мемлекеттік органдың/жергілікті атқарушы органдың атауы) _____
(есепті кезең)

| № | Атауы | Шегерілетін балдар |
|---|--|--------------------|
| 1 | Толық емес ақпаратты ұсыну/ орналастыру | |
| 2 | Анық емес ақпаратты ұсыну/ орналастыру | |
| 3 | Есептік ақпараттың уақтылы ұсынылмауы | |
| 4 | Есептік ақпараттың болмауы | |
| 5 | Нысаналы индикаторларды есептеу әдістемелерінің болмауы (| |

Барлығы:

1. Бағалау кестесіне сәйкес бағаланатын мемлекеттік органның есептік ақпаратты ұсыну/орналастыру мерзімі:

20 __ жылғы " __ " _____.

1) Есептік ақпаратты ұсынудың/орналастырудың нақты күні:

20 __ жылғы " __ " _____.

2) Бағаланатын мемлекеттік органның есептік ақпараты жоқ.

Шегеру: __ балды құрайды.

2. Есептік ақпараттың құрылымына қойылатын белгіленген талаптарда көзделген элементтері жоқ (қосымшалар, бөлімдер, кестелер, көрсеткіштер мәндері) толық емес ақпарат ұсынылған/орналастырылған:

1) _____

2)

Шегеру: __ балды құрайды.

3. Анық емес ақпарат ұсынылған/орналастырылған. Қайта тексеру барысында мынадай шындыққа сәйкес келмеу фактілері анықталған:

| № | Нысаналы индикатордың атавы | Есепті кезең жоспары | Есепті кезеңнің іс жүзіндегісі | Қайта тексерудің қорытындысы бойынша есепті кезеңнің іс жүзіндегісі | Балдарды шегеру | Ескертпе |
|---|-----------------------------|----------------------|--------------------------------|---|-----------------|----------|
| 1 | | | | | | |

Шегеру: _____ балды құрайды.

Қорытынды шегеру: _____ балл.

Бағалауға уәкілетті мемлекеттік

органның өкілі, лауазымы _____
(күні) (қолы) (қолының толық жазылуы)

Бағаланатын мемлекеттік
органның өкілі, лауазымы _____
(күні) (қолы) (қолының толық жазылуы)

Мақсаттарға қол жеткізу блогы
бойынша операциялық бағалау
әдістемесіне
5-қосымша

Нысан

Орталық мемлекеттік органдарды мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалау нәтижелері туралы қорытынды _____

(орталық мемлекеттік органның атауы) _____

(есепті кезең)

| № | Бағалау өлшемшарттары | Коэффициент | Балдар |
|---|--|-------------|--------|
| 1 | Даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізу | | |
| 2 | Даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізуде бюджеттік бағдарламаларды орындаудың тиімділігі | | |
| 3 | Даму жоспары мақсаттарының бюджеттік бағдарламалармен өзара байланысы | | |
| 4 | Балдарды шегеру | | |
| | Жалпы бағалау | | |

Мақсаттарға қол жеткізу тиімділігін талдау:

Балдарды шегеру _____

Орталық мемлекеттік органның қызметін жақсарту бойынша тұжырымдар мен ұсынымдар:

| | | |
|--|--------------|--|
| Мемлекеттік органның/Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшесінің/ Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының басшысы | _____ (қолы) | _____ (колының толық жазылуы) |
| Бағалауга уәкілетті мемлекеттік органның тиісті құрылымдық бөлімшесінің басшысы | _____ (қолы) | _____ (колының толық жазылуы) |
| 20 __ ж " __ " _____ | | Мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалау әдістемесіне 6-қосымша |

Нысан

Жергілікті атқарушы органдарды мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалау нәтижелері туралы қорытынды _____

(жергілікті атқарушы органның атауы) _____ (есепті кезең)

| № | Бағалау өлшемшарттары | Коэффициент/ іс жүзінде орындалуы | Балдар |
|---|--|-----------------------------------|--------|
| 1 | Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізу | | |
| 2 | Бағаланатын кезенде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының даму бағдарламаларын тексерудің қорытындысы бойынша бюджет және өзге де заңнаманы бұзушылықтардың болмауы | | |
| 3 | Бюджеттік даму бағдарламасының тікелей нәтижелеріне қол жеткізу | | |
| 4 | Бюджеттік даму бағдарламасын орындаудың тиімділігі | | |
| 5 | Бюджеттеудің жаңа практикаларын (халық қатысатын бюджет) пайдалану | | |
| 6 | Балдарды шегеру | | |
| | Жалпы бағалау | | |

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізуудің тиімділігін талдау:

Бағаланатын кезенде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының даму

бағдарламаларын тексерудің қорытындысы бойынша бюджет және өзге де заңнаманы

бұзушылықтардың болмауы:

Бюджеттік даму бағдарламасының тікелей нәтижелеріне қол жеткізу:

Бюджеттік даму бағдарламасын орындаудың тиімділігі:

Бюджеттеудің жаңа практикаларын (халық қатысатын бюджет) пайдалану:

Жергілікті атқарушы органның қызметін жақсарту бойынша тұжырымдар мен ұсынымдар:

| | | |
|---|---------------|---|
| Мемлекеттік органның басшысы | <u>(қолы)</u> | <u>(қолының толық жазылуы)</u> |
| Бағалауга уәкілетті мемлекеттік органның тиісті құрылымдық бөлімшесінің басшысы | <u>(қолы)</u> | <u>(қолының толық жазылуы)</u> |
| 20 __ ж " __ " _____ | | Максаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалау әдістемесіне 7-қосымша |

Нысан

Өлшемшарттар мен көрсеткіштер балдары

| № | Өлшемшарттың/көрсеткіштің атауы | Балл/коэффиц. |
|---|--|---------------|
| 1 | Бағаланатын кезеңде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының даму бағдарламаларын тексерудің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде бұзушылықтардың болмауы | 10 |
| 2 | Бұзушылықтардың болмауы | 8 |
| 3 | Бюджеттік шығыстармен өзара байланыста облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізуге ішкі аудит қызметі жүргізген талдаудың болуы | 2 |
| 4 | Бюджеттік шығыстармен өзара байланыста облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізуге ішкі аудит қызметі жүргізген талдаудың болмауы | 0 |
| 5 | Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының есепті кезеңде тексерулерді жүргізуейі | 5 |
| | Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінде анықталатын бұзушылықтар сыныптамасына сәйкес аудитпен | |

| | | |
|---|--|---|
| 6 | камтылған бюджет қаражатының жалпы көлеміне шаққанда (тиімсіз шығыстарды коспағанда) бұзушылықтардың болуы | |
| | 5%-ға дейін | 6 |
| | 5,1 – 9,9% | 3 |
| | 10,0 – 14,9% | 1 |
| | 15%-дан артық | 0 |

Мақсаттарға қол жеткізу блогы
бойынша операциялық бағалау
әдістемесіне
8-қосымша

Нысан

Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін операциялық бағалау нәтижелері бойынша келіспеушіліктер кестесі _____ (орталық мемлекеттік органның/ жергілікті атқарушы органның атауы) "Мақсаттарға қол жеткізу" блогы бойынша

| № | Бағалауға уәкілдегі мемлекеттік органның қорытындысы | Бағаланатын мемлекеттік органның қарсылығы | Шағымдану қорытындысы бойынша шешім (қабылданды/бастартылды) | Ескертпе (қарсылықты қабылдаудың/бастартудың негіздемесі) |
|-----|--|--|--|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | | | | |
| 2 | | | | |
| ... | | | | |

Түжірымдар:

1-өлшемшарт бойынша: _____;

2-өлшемшарт бойынша: _____;

...

Шағымдану қорытындысын қоса алғанда, жалпы балл _____ құрады.

| | | | |
|--|--------------|--------------|-------------------------------|
| Комиссия төрагасы, лауазымы | _____ (күні) | _____ (қолы) | _____ (қолының толық жазылуы) |
| Шағымдану қорытындысымен таныстым: | | | |
| Бағаланатын мемлекеттік органның өкілі, лауазымы | _____ (күні) | _____ (қолы) | _____ (қолының толық жазылуы) |

Мақсаттарға қол жеткізу блогы
бойынша операциялық бағалау
әдістемесіне
9-қосымша

Нысан

"Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттары мен көрсеткіштеріне қол жеткізу" өлшемшарты бойынша жергілікті атқарушы органдарды бағалауға арналған көрсеткіштер тізбесі

| № | Бағыттың/көрсеткіштің атауы | Ақпарат көзі |
|-----|--|-----------------------|
| 1. | Халықтың нақты ақшалай табысының өсуі, 2019 жылғы деңгейден 2019 жылғы бағадағы өсу %-ы | ҚР СЖРА ҰСБ |
| 2. | Халықтың жалпы кірістеріндегі халықтың ең аз қамтамасыз етілген 40%-ның кірістерінің үлесі, %-бен | ҚР СЖРА ҰСБ |
| 3. | Жұмыссыздық деңгейі | ҚР СЖРА ҰСБ |
| 4. | Тұрғын үйдің қолжетімділігі, халықтың жан басына шаққандағы орташа табысының 1 ш. м. орташа құнына қатынасы (жана тұрғын үйді сату (көппәтерлі үйлердегі пәтер)) | ҚР СЖРА ҰСБ |
| 5. | Жалпы шығыстарға шаққанда үй шаруашылықтарының азық-түлік тауарларына жұмсалатын шығындары, %-бен | ҚР СЖРА ҰСБ |
| 6. | Қазақстан Республикасына көшіп келген отандастардың (қандас) саны | Ведомстволық деректер |
| 7. | Пайдалануға берілген тұрғын ғимараттардың жалпы ауданы | ҚР СЖРА ҰСБ |
| 8. | "Бастау Бизнес" жобасы шенберінде оқудан кейін жеке ісін ашқан адамдардың үлесін ұлғайту | Ведомстволық деректер |
| 9. | Субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастырығаннан кейін тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған адамдардың үлесін ұлғайту | Ведомстволық деректер |
| 10. | Субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыруға қатысатын кәсіпорындар құрамындағы жеке сектордың үлесін ұлғайту | Ведомстволық деректер |
| 11. | Қысқа мерзімді кәсіптік оқудан кейін жұмысқа орналасу деңгейін арттыру | Ведомстволық деректер |
| 12. | Ауылда жаңа кәсіпкерлік субъектілерін құру | Ведомстволық деректер |

| | | |
|-----|--|-----------------------|
| 13. | Электрондық нысанда тіркелген еңбек шарттарының үлесі | Ведомстволық деректер |
| 14. | Тұған кездегі өмір сұрудін күтілетін ұзақтығы | ҚР СЖРА ҰСБ |
| 15. | Нәресте өлімі, 1000 тірі туылғанға шаққандағы жағдайлар саны | ҚР СЖРА ҰСБ |
| 16. | Ана өлімі, 100 мың тірі туылғанға шаққандағы жағдайлар саны | Ведомстволық деректер |
| 17. | Халықтың медициналық мекемелер ұсынатын медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігіне қанағаттану деңгейі | Ведомстволық деректер |
| 18. | <p>Ауылдық елді мекендерді медициналық-санитариялық және консультациялық-диагностикалық көмекпен қамту</p> <p>Ауылдық елді мекендерді а л ғ а ш қ ы медициналық-санитариялық және консультациялық-диагностикалық көмекпен қамту, соның ішінде ауылдық елді мекендерде, соның ішінде тірек және спутниктік ауылдарда фельдшерлік-акушерлік, медициналық пункттер мен дәрігерлік амбулаториялар ашу (саны)</p> | Ведомстволық деректер |
| 19. | Жылжымалы медициналық кешендердің қызметтерімен қамтылған халықтың саны | Ведомстволық деректер |
| 20. | Медициналық көмек көрсетудің әлемдік стандарттарына сәйкес келетін жаңа және жаңғыртылған денсаулық сактау объектілерінің жыл сайынғы саны | Ведомстволық деректер |
| 21. | ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көмектің жалпы көлемінде амбулаториялық деңгейде медициналық көмек көлемін көнектүт | Ведомстволық деректер |
| 22. | Жүкті әйелдерді босануға дейінгі жеке және салааралық бақылаумен қамтуды ұлғайту | Ведомстволық деректер |
| 23. | 1 жасқа дейінгі балаларды проактивті бақылаумен және скринингтермен қамтуды ұлғайту | Ведомстволық деректер |
| | | |

| | | |
|-----|--|-----------------------|
| 24. | Мүмкіндігі шектеулі балаларды медициналық оңалтумен қамтуды ұлғайту | Ведомствоның деректер |
| 25. | Өте тапшы мамандықтар бойынша резидентураның білім беру гранттарының санын ұлғайту | Ведомствоның деректер |
| 26. | Саламатты өмір салтын ұстанатын Қазақстан азаматтарының үлесі | Ведомствоның деректер |
| 27. | 100 мың тұрғынға шаққандагы балалардың арасындағы (0-14 жас) семіздікпен сырқаттанушылықты төмендету | Ведомствоның деректер |
| 28. | Ehealth ядросымен деректер алмасуды қамтамасыз ететін медициналық ұйымдардың үлесі | Ведомствоның деректер |
| 29. | Халықта қашықтықтан көрсетілген медициналық қызметтердің үлесі | Ведомствоның деректер |
| 30. | Дене шынықтырумен және спортпен айналысатын азаматтардың санын халықтың жалпы санының 50%-на дейін жеткізу | Ведомствоның деректер |
| 31. | Халықтың 1 000 адамға арналған спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі | Ведомствоның деректер |
| 32. | Дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатын ерекше қажеттіліктері бар халықтың үлесі | Ведомствоның деректер |
| 33. | PISA тестінің нәтижесі бойынша мектепте білім беру сапасын бағалау (ӘҮДҮ есебі): математика бойынша, | ӘҮДҮ есебі |
| | PISA тестінің нәтижесі бойынша мектепте білім беру сапасын бағалау (ӘҮДҮ есебі): оқу бойынша, | |
| | PISA тестінің нәтижесі бойынша мектепте білім беру сапасын бағалау (ӘҮДҮ есебі): жаратылыштану бойынша) | |
| 34. | Халықтың мектепке дейінгі/ортада білім беру сапасына қанағаттану деңгейі | Ведомствоның деректер |
| 35. | 3 -6 жас аралығындағы балаларды сапалы мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту | Ведомствоның деректер |

| | | |
|-----|---|-----------------------------------|
| | 2-6 жас аралығындағы балаларды сапалы мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту | |
| 36. | Балаларды қосымша біліммен қамту | Ведомстволық деректер |
| 37. | Физика, химия, биология пәндері кабинеттерімен, STEM кабинеттерімен қамтамасыз етілген негізгі және орта мектептердің үлесі | Ведомстволық деректер |
| 38. | Шағын қалаларда, аудан орталықтарында және ауылдарда жаңғыртылған мектептер саны | Ведомстволық деректер |
| 39. | Сыртқы бейнебақылаумен қамтамасыз етілген, ЖАО-га ведомстволық бағынысты күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін орта білім беру үйымдарының үлесі | Ведомстволық деректер |
| 40. | Ішкі бейнебақылаумен қамтамасыз етілген, ЖАО-га ведомстволық бағынысты күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін орта білім беру үйымдарының үлесі | Ведомстволық деректер |
| 41. | Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды арнағы психологиялық-педагогикалық қолдаумен және ерте түзетумен қамту | Ведомстволық деректер |
| 42. | Жастарды талап етілетін мамандықтар бойынша колледждерде тегін оқытумен қамту (9-сынып тұлектері) | Ведомстволық деректер |
| 43. | Ішкі контент үшін (Қазақстан ішінде) 100 мб/с төмен емес және сыртқы контент үшін 8 мб/с төмен емес интернетпен қамтамасыз етілген орта білім беру үйымдарының үлесі | Ведомстволық деректер |
| 43. | Ішкі контент үшін (Қазақстан ішінде) 100 мб/с төмен емес және сыртқы контент үшін 20 мб/с төмен емес интернетпен қамтамасыз етілген орта білім беру үйымдарының үлесі | Ведомстволық деректер |
| 44. | Цифрлық форматқа көшірілген окулықтардың үлесі | Ведомстволық деректер |
| 45. | АКТ саласындағы білікті кадрлар саны: ТжКБ | Ведомстволық деректер/КР СЖРА ҮСБ |

| | | |
|-----|--|-----------------------|
| 46. | Халықты "Рухани жаңғыру" бағдарламасының жобаларымен қамту | Ведомстволық деректер |
| 47. | Мектеп жасындағы балаларды мәдени тәрбиемен қамту | Ведомстволық деректер |
| 48. | "Оқитын ұлт" жобасы шенберінде халықтың кітап оқу белсенділігін арттыру | Ведомстволық деректер |
| 49. | Меценаттар салған және жөндеген объектілер саны | Ведомстволық деректер |
| 50. | Латын графикалы әліпбиді пайдаланатын жазбаша коммуникацияға катысушылардың үлесі | Ведомстволық деректер |
| 51. | Мәдениет объектілерімен және мәдениет саласында көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз етілудің өсуі: мәдениет объектілерін салу | Ведомстволық деректер |
| 52. | Мәдениет объектілерімен және мәдениет саласында көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз етілудің өсуі: мәдениет объектілерін жөндеу | Ведомстволық деректер |
| 53. | Қолдау көрсетілген шығармашылық жобалар саны | Ведомстволық деректер |
| 54. | Жастарды әлеуметтік көрсетілетін қызметтермен қамту | Ведомстволық деректер |
| 55. | Жастар арасында Eljastary акпарат навигаторын қамтамасыз ету және танымал ету | Ведомстволық деректер |
| 56. | Волонтерлік қызметке тартылған оқушы жастардың үлесі | Ведомстволық деректер |
| 57. | Жастарды экологиялық жобалармен қамту | Ведомстволық деректер |
| 58. | Жастарды (14-18 жастағы) спортпен қамту | Ведомстволық деректер |
| 59. | Бақыланбайтын (көленкелі) экономиканың үлесі | ҚР СЖРА ҰСБ |
| 60. | Жеке, мұліктік және қоғамдық қауіпсіздікті сезіну | Ведомстволық деректер |
| 61. | ТЖ-ға дең қою үшін инфракұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейі | Ведомстволық деректер |
| 62. | Алыстағы және ауылдық елді мекендердің халқын өрт сөндіру бекеттерімен корғау деңгейі | Ведомстволық деректер |
| | Азаматтық қорғаныс органдарының авариялық-құтқару | |

| | | |
|-----|--|-----------------------|
| 63. | және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу үшін бірінші к е з е к т е г і материалдық-техникалық құралдармен жарақтандырылу деңгейі, %, тиесілілік нормасына дейін жеткізу | Ведомстволық деректер |
| 64. | Халықты су тасқынанан, еріген және жаңбыр суларынан қорғау деңгейі | Ведомстволық деректер |
| 65. | ТЖ қатері кезінде халықты хабардар ету деңгейі | Ведомстволық деректер |
| 66. | Республикалық маңызы бар қалаларда және облыс орталықтарында бейнебақылау камераларының санын ұлғайту (қосу) | Ведомстволық деректер |
| 67. | Полицияның цифрлық құралдармен жабдықталу деңгейі | Ведомстволық деректер |
| 68. | Жан басына шаққандағы номиналды мәндегі ЖӨӨ | ҚР СЖРА ҰСБ |
| 69. | Өңірлер бойынша еңбек өнімділігінің өсуі, 2019 жылғы деңгейден 2019 жылғы бағадағы өсу %-ы | ҚР СЖРА ҰСБ |
| 70. | Негізгі капиталға инвестициялар, 2019 жылғы деңгейден нақты өсу %-ы | ҚР СЖРА ҰСБ |
| 71. | Цифрлық технологияларды пайдаланатын өндеу өнеркәсібіндегі ірі және орта кәсіпорындардың үлесі | ҚР СЖРА ҰСБ |
| 72. | Өндеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі | ҚР СЖРА ҰСБ |
| 73. | Жинақталуымен ЖЭК енгізілетін электр қуаттарының көлемі | Ведомстволық деректер |
| 74. | Орта бизнестің экономикадағы үлесі, ЖҚҚ-дағы ЖАӨ %-ы | ҚР СЖРА ҰСБ |
| 75. | Қаржылық қолдау шараларын алған кәсіпкерлік субъектілерінің саны | Ведомстволық деректер |
| 76. | Ішкі туристер санының артуы | ҚР СЖРА ҰСБ |
| 77. | Шеттен келген туристер санының артуы | ҚР СЖРА ҰСБ |
| 78. | Немірлік кор санының артуы | ҚР СЖРА ҰСБ |
| 79. | Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемін 2019 жылғы деңгейге қарағанда ұлғайту, млрд. теңге | ҚР СЖРА ҰСБ |

| | | |
|-----|--|-----------------------------------|
| 80. | Су үнемдеу технологиялары (тамшылатып суару, жаңбырлатып суару) қолданылатын жерлер аланы | Ведомстволық деректер |
| 81. | Субсидиялау көлемін өсіру есебінен жоғары сапалы тұқымдарды ұлғайту | Ведомстволық деректер |
| 82. | Субсидиялау көлемін өсіру есебінен минералды тыңайтқыштарды ұлғайту | Ведомстволық деректер |
| 83. | Егістікі (сүрі жерлерді) тиімді өндеуге арналған өсімдіктерді корғау құралдарын сатып алу шығындарының 50 %-ын субсидиялау | Ведомстволық деректер |
| 84. | IҚМ-ның орташа тірі салмағы (ауыл шаруашылығын қалыптастыру) | ҚР СЖРА ҰСБ |
| 85. | Азық-түлік тауарларымен (сонын ішінде әлеуметтік маңызы бар) қамтамасыз етілу | Ведомстволық деректер/ҚР СЖРА ҰСБ |
| 86. | Алма өндірісі | Ведомстволық деректер |
| 87. | Шұжық өнімдерін өндіру | ҚР СЖРА ҰСБ |
| 88. | Құс етін өндіру (тірі салмакта) | ҚР СЖРА ҰСБ |
| 89. | Балық өндірісі | ҚР СЖРА ҰСБ |
| 90. | Көкөніс өндірісі | ҚР СЖРА ҰСБ |
| 91. | АӨК өнімдерінің экспортын ұлғайту | ҚР СЖРА ҰСБ |
| 92. | АӨК өнімдері экспортының жалпы көлеміндегі өнделген өнімнің үлесі | ҚР СЖРА ҰСБ |
| 93. | Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына тартылған инвестициялар көлемі | ҚР СЖРА ҰСБ |
| | Тамақ өнімдері өндірісінің негізгі капиталына тартылған инвестициялар көлемі | ҚР СЖРА ҰСБ |
| 94. | АгроОнеркәсіптік кешенде іске асырылған инвестициялық жобалар саны, жобалар саны | ҚР СЖРА ҰСБ |
| 95. | Ауыл шаруашылығы кооперативтері өндірген өнім көлемінің өсуі | ҚР СЖРА ҰСБ |
| 96. | Цифрландырылған жер деректерінің үлесі | Ведомстволық деректер |
| 97. | ЖАО жұмыс сапасына қанағаттану деңгейі | Ведомстволық деректер |

| | | |
|------|---|-----------------------------------|
| 98. | Жыл сонындағы урбандалу деңгейі | ҚР СЖРА ҰСБ |
| 99. | Халықтың сумен жабдықтау қызметтеріне қолжетімділігі: - қалаларда; - ауылдық елді мекендерде | Ведомстволық деректер/ҚР СЖРА ҰСБ |
| 100. | Фура құрамына кіретін моножәне шағын қалаларда, шекара маңындағы шағын қалаларда, сондай-ақ халқының саны 50 мың адамнан асатын монокалаларда инженерлік және көлік инфрақұрылымының тозуын азайту | Ведомстволық деректер |
| 101. | Өнірлік стандарттар жүйесіне сәйкес жаңғыртылған тірек және спутниктік АЕМ саны | Ведомстволық деректер |
| 102. | Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген, тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредиттер алған денсаулық сактау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроенеркәсіптік кешен саласындағы мамандардың, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілерінің саны | Ведомстволық деректер |
| 103. | Қалалардағы сарқынды суларды тазарту деңгейі | Ведомстволық деректер |
| 104. | Жылу мен суды есепке алушын үйге ортақ аспаптарымен қамтамасыз ету деңгейі | Ведомстволық деректер |
| 105. | Нормативтік жағдайдағы жергілікті маңызы бар автожолдардың үлесі | Ведомстволық деректер |
| 106. | Ұлттық және өнірлік электр желілерінде электр энергиясының нормативтік-техникалық ысыраптарының деңгейін төмендету | Ведомстволық деректер |
| | Қала құрылышы кадастрының цифрлық жоспарлы негізін құру үшін салынған аумақтардағы түгенделген жерасты және жер үсті коммуникацияларының үлесі | |
| | Қала құрылышы кадастрының цифрлық жоспарлы негізін құру үшін салынған аумақтардағы | |

| | | |
|------|---|-----------------------|
| 107. | түгенделген жерасты және жер үсті коммуникацияларының үлесі (%; РБ қаражатын ескере отырып) | Ведомстволық деректер |
| | Қала құрылымы кадастрының цифрлық жоспарлы негізін құру үшін салынған аумактардағы түгенделген жерасты және жер үсті коммуникацияларының үлесі (%; ЖБ қаражатын ескере отырып) | |
| 108. | Цифрлық стандартқа сәйкес келетін әкімдіктердің үлесі (үлгілік сәulet, эталондық стандарт) | Ведомстволық деректер |
| 109. | Халықтың экологиялық өмір сапасына қанағаттану деңгейі | Ведомстволық деректер |
| 110. | Қайта өндіреу және кәдеге жарату үлесі: - ҚТК (түзілу көлемінен) - агроөнеркәсіптік кешен қалдықтары - қауіпті медициналық қалдықтар (жиналған көлемнен) | Ведомстволық деректер |
| 111. | Өнеркәсіпте таза су алу көлемін азайту | Ведомстволық деректер |
| 112. | Бюджеттік секторда және ТКШ-да энергия тұтынуды азайту | Ведомстволық деректер |
| 113. | Балық ресурстарының табиғи популяциясын ұлғайту | Ведомстволық деректер |
| 114. | Орманмен қоршалған аумақты ұлғайту/кенеиту, соның ішінде түрлері мен отырғызу аймактары бөлінісінде нормативтік жерсінүйн қамтамасыз ете отырып, ағаш отырғызу есебінен | Ведомстволық деректер |